

*(Сансызбай Кармысов нускасы)*

Атакты ер Агыбай шубыртпалы,

Екеу ме сол кундегі ердін жаны.

Басынан солардын да отіп кеткен

Опасыз баяны жок шіркін пәни.

Бұрынғы батырлардын бәрі тагы,

Бәрі де кормесек те, бұтактанды.

Ағыбай, ер Бұқарбай, ер Кошқарбай

Атақты батыры еді Кене ханның.

Мал үшін олар ерлік қылған емес,

Салғаны жанын отқа елдің қамы.

Солардың біреуінен сөз сөйлейін,

Әлеумет, құлағын сал бұған тағы.

Мал алмақ мирас болған Абылайдан,

Таралған басқа жылға осы айдан.

Аузыма «а» дегенде тола түскен,

Азырақ сөз сөйлейін Ағыбайдан.

Сүйык жал, күміс күйрек, камыс күлак,

Кен кеуде, омыраулы иығы тік.

Бір ел бар деп естіпті күншыгыста

Жылкысы аса тәуір, озі жүйрік.

Жоргасы судай жылжып шаппайды екен,

Корген жан тай-күнанын мактайды екен.

Бір адам кеп айтады Ағыбайга:

«Биесі шыбын тоғыз жаппайды екен».

Ойлайды ер Агыбай «барайын» деп,

«Сол елді іздеп, алыста болса, табайын деп.

Аттанып байтал менен сәйгүлік әкеп,

Жүйріктен осім-түкым алайын» деп.

Агыбай сапарына ыңғайланды,

Касына жеті кісі жолдас алды.

Жүйріктен осім-түкым алмак үшін,

Бет алып күншыгыска кете барды.

Сол күнде ер ортасы келген жаска,

Жан жок па сапар жүрген мұнан баска.

Аз жүрді, көп-ау жүрді енді бұлар,

Келеді Қызылқайнар, Тектұрмасқа.

Тектұрмас самал салқын құрағы бар,

Атарлық арқар, бөкен, құланы бар.

Жолаушы, жолшы керуен түсетуғын

Бойында Қызылқайнар бұлағы бар.

Келеді ер Агыбай орға тартып,

Корқады адамзаттан бұлар нағып.

Үмтыла түн ішінде жүрді бұлар,

Жетеді карауылга ерте барып.

Батырлар мінген атын бусандырды,

Тастамай батырлықтын салтанатын.

Тан асып, ат суытып жата кетті,

Келді де Қызылқайнарға танга жакын.

Тан атып, оянады козін ашып,

Жата ма жамандарша үйкы басып.

Басына Тектүрмастын біреу кетті,

Баскасы ыстык қылды, бакыр асып.

Баскасы ыстық кылды, асып бакыр,

Отырды от басында оншен батыр.

Өлгі адам карауылда карап тұрса,

Елсізде бір атты адам келе жатыр.

«Келед» деп Ағыбайға хабар айтты,

«Бұл адам неткен жан» деп таныркасты.

Колында ыргай шокпар, сойылы бар

Кезеннен шыға келді асып атты.

Айтқанша, ак сүр атты шыға келді,

Орiмдей жап-жас жiгiт бvлар кордi.

Келбетi узын бойлы, тiп-тiк сида,

Отырган батырлага сәлем бердi.

Иiлiп сәлем бердi бvларга кеп,

Тулгасы Агыбайга vнап кеттi.

Адамша бvларменен амандасты:

– Агыбай, амансыз ба, агеке? – деп.

Сойлесе аузы сондай созге ептi,

Айткан жок онан баска ешбiр кептi.

Жvгенiн ат басына кантарды да,



Женін жастык кылды да, жата жетті.

Етегін тосек етіп жатты ұйқтап,

Именіп булар дагы калды тоқтап.

Корыккан бір кісіден сегіз батыр –

Бәрі де елден шыккан онкей санлак.

Агыбай ойлап отыр әрбір ойды,

Жас жігіт ұзын гана сида бойлы.

Оздері асып етін жеп болғаннан сон,

Булар да калган етін асып қойды.

Бұрылып етін жеді аспай-саспай,

Отырды бір-бірімен жон сұраспай.

Етін жеп, атына мініп кетіп қалды,

Бір ауыз бұларменен ақыл қоспай.

Батыр айтар «мынау негілган жан,

Мен мұнын қылығына боламын тан.

Егерде жон-жосыгын білместен үйге барсам,

Онан да олім артық болар маған».—

Деп айтып сөз сойледі жауап етіп,

Айланбай бала жігіт калды жетіп.

Анандай кетіп бара жатканында,

Артынан куып келді, шауып жетіп.

Міне бір Агыбаймен жолықты кез,

Ежелден жолдас емес сыры мінез.

«Кош келдін, агеке, казірмін» деп,

Айтпады онан баска бір ауыз соз.

Келеді екі батыр, жан батпайды,

Сойлесіп бір-бірімен тіл катпайды.

Бурадай кантардагы иіндесіп,

Біреуі-біреуіне жон айтпайды.

Агыбай бусандырмас мінген атын,

«Күдай-ау, онгар, – дейді, – істін артын».

Бір күлан жусап тұрған тұра кашты

Алдынан екеуінін кешке жакын.

Күланды екі батыр қуып кетті,

Атына камшы басып екпіндетті.

Агыбай тозанына ере алмады,

Жібермей әлгі бала қуып жетті.

Қуланға құрық салды ағындатып,

Қайтадан секіргенде қалды тартып.

Жығылып пәрменінше жерге құлап,

Үзіліп ауыз омыртқасы, қалды жатып.

Айтады Ағыбайға: «Тез түсе қал,

Арам оліп кетпесін, бауыздай сал.

Іре де жотасынан томен қарай,

Оймалап қазысы мен терісін ал.

Басқа етін таста», – дейді, жүре берді,

Жагалап бір озенге булар келді.

Атынан түсе калып әлгі бала,

Манайлап манайынан тезек терді.

Агыбай неге тұрсын о да қарап,

О дагы ет асарга қылды талап.

Казыны кабыргадан боліп алып,

Агыбай бакыр асты, тезек калап.

Тамагын ішіп алды күн батқанша,

Азгана демін алды ел жатқанша.

Аттарын түсады да, қоя берді,

Оздері ұйықтап жатыр таң атқанша.

Ертерек оянады екі батыр,

Ұайым ойламады болып қапыл.

Қамысы қалың сансыз шатырлаған

Жағалап бір өзенді келе жатыр.

Барар жер мағлұм емес, бұларға алыс,

Толқиды сүмбедей боп қалың қамыс.

Жағалап әлгі өзенді келе жатса,

Бакырып шыға келді бір жолбарыс.

Ағыбай корқып, аттын басын калды тартып,

Кайратты бала кылды жетіп барып.

Мысыкша шоршып келіп қаргығанда,

Шокпармен сынар колдап калды салып.

Шокпармен сынар колдап бірақ какты,

Оны да олген иттей домалантты.

Үрганда екі козі шыгып кетіп,

Тыпырлап торт аягы жата кетті.

Ағыбай мұны коріп калды корқып,



Атынан ол түскенше, калды оліп.

– Іре де бауырынан орге карай,

Ал, – деді, – бауыр терісін екі боліп.

Агыбай не кыл десе, кылды бәрін,

Батырдын қобіне болды қонлі жарым.

Сол күні бірге жатып бір далада,

Танертен тұрып кетті таннан бұрын.

Тыныштық бұларда жоқ, ойын-күлкі,

Жатса да, таба алмады тыным ұйқы.

Жағалап әлгі озенді келе жатса,

Жолықты екеуіне қалын жылқы.

Жылқынын ортасына келіп тұрса,

Жайылған сегіз бірдей шабдар қасқа.

Бала айтты: «Мұндай болды менін күнім,

Болмаған сабаз едім ешбір мінім.

Жануар онкей бірдей жамбыл қасқа,

Менікі болар ма екен сенін күнін».

Келеді ер Ағыбай. Не біледі,

Атына қамшы басып тебінеді.

Тан дагы елен-алан болып еді,

Калын ел екеуіне корінеді.

Ағыбай: «Түстім – дейді – қандай жолға,

Күдай-ау, сапарымды озін онда?!»

Ертерек елге келді екі батыр,

Уайым ойламады болып қапыл.

Арасы шақырымнан жақынырақ,

Тігілген екі ак ордаға келе жатыр.

Жолдасы қасындагы жана талап,

Ағыбай келе жатыр қасын жанап.

Томенгі ақ ордадан шықты дағы,

Бір катын қарсы жүрді бұған қарап.

Келеді зар-зар жылап катын гәріп:

Жалғызым, жалғыздықтан қордім бейнет.

«Қозіме қоп қорінсен, олтірем» деп,

Қарайды-ау үйде отырсам әлгі жәнет.

Жалғызым, бұл араға сен келесін,

Алладан қаза жетіп енді олесін.

Жалғызым, ақіретте сабыр салып,

Жалғаннан сапар шегіп жонелесін!

Осылай катын жылап қалды тұрып,

Бала оған қарамады мойын бұрып.

Катынның жауабына күлак салмай,

Томенгі ақ ордаға кетті жүріп.

Атынан түсе қалды анадай кеп,

Байкаса келген екен ашуы бек.

Батырға сол арада бір сөз айтты:

– Агеке, қанжарынды маған бер, – деп.

Тышкарда тілеулес боп сіз тұрарсыз,

Есен болсақ, кешікпей біз шығармыз.

Ағарда мен кешігіп қалар болсам,

Мініп ап ақ сүр атпен жанын сақтарсыз.

Деп айтып сөз сойледі жауап етіп,

Айланбай бала жүріп қалды кетіп.

Ішіне бала кірген әлгі ақ орда,

Тер шықты Ағыбайдан дір-дір етіп.

Атына мініп алып болды қашпақ,

Алқынған су жүректі немен баспак.

Бел байлай тәуекелге тәуба кылды,

«Баланы кетем, – деп, – қайтып қиып тастап!».

Бурадай есінеді күшін жиып,

Ортеді іші-бауры оттай күйіп.

«Баладан менін жаным артық па?» деп,

Келген сон кете алмады іші қиып.

«Шыдайын не де болса осы жолға,

Енді қалдым, енді олемін, түсем қолға».

Ішіне бала кірген әлгі ақ орда

Шикылдап алты айналды он мен солға.

Өрқашан ер Ағыбай болған жолы,

Кылғаны мұның сабыр – күштің молы.

Сыпсындап үйден бала шыға келді,

Қан болып қанжарменен екі қолы.

– Жолдасым, отырмысын, Ағыбайым,

Саған көп айтпаған менің жайым.

Жанымды сүм зәлімнен сақтады Алла,

Отырмай, атына мін, «Ақжолтайым».



Атына мініп томенгі үйге келді,

Тағы да сорлы катын зар еніреді.

Катынга «камыкпа» деп тоқтау айтты,

«Зәлімнің шам-шырағы сондай» дейді.

Зәлім гой жұртты жеген баяғыдан,

Шіріген талай дұшпан таяғынан.

«Жолы күтты батырмен жолдас болып,

Түсірдім іші-қарны аяғынан».

Жас бала соны айтады гүл-гүл жайнап,

Естіген ел қуанды «Агыбайлап».

«Жолы күтты тосек сал батырыма,

Астын жұмсақ, жастыгын жақсы жайлап».

Қуанып катын байғус қатар салды,

Ел естіп бір-бірінен хабарланды.

Тосегін жақсы жайлап салғаннан сон,

Батыры тосегінде ұйықтап қалды.

Елі естіп қуаныпты мұның жайын.

Тан атып, ұйқысы қанғаннан сон,

Баланын батыр сұрар енді жайын.

Батырга бала айтады: «Кара маган,

Жамандар еш нәрсеге жарамаган,

Неше күн жолдас болып жон сұраспай,

Сұрасан, менін жайым бір үлкен кеп.

Кебiмдi мен отырмын козгайын деп.

Кiсi екен озi жалгыз менiн әкем,

Мейлiнше бай болыпты дәулетi коп.

Әкемнiн жалгыз екен газиз басы,

Бала десе козінен агар жасы.

Озінде ага да жок, іні де жок,

Бар екен бір туыскан карындасы.

Өкемнін дәулеті мол, болды мыкты,

Жанына үл кормеген туын тікті.

Жат жүрттык кып жараткан Күдай оны,

Бір елге алыстагы үзатыпты.

Өкемнін жиен жүрты баласы боп,

Арыстан, ал жүрегі кайраты коп.

Оз катыны буаз боп, мені тапты,

Жиеннін жолы тағы акжолтай боп.

Малы коп, жасырады жердін жвзін,

Жиенге корсетпеді жиен жвзін.

Коп малды симай жатқан айдап беріп,

Жиенге алып берді бір бай кызын.

Озіне енші боліп берген тағы,

Болек ауыл кондырып койган аны.

Бар шыгар, ен кем болса, бес мын жарым,

Коп жылкы соныкі еді баганагы.

Сүм жиен озі мыкты болды арыстан,

Кайтпаган тоніректе сан жарыстан.

Кызы сулу, орыны одан артык

Маган бір кыз әперді тіпті алыстан.

Жиеннін діні катты кара тастан,

Адамга икемі жок бала жастан.

Бетіне ешбір адам карамайтын

Сүм жиен батыр болды жүрттан аскан.

Сүм жиен батыр болды жүрттан асып,

Мысалы Алаколдей түрды шалкып.

Озінін кисабы жок, әрі, малы бар,

Менін де бар малымды алды тартып.

Карашы сүм жиеннін акылына,

Кас кылды оз інісі жакынына.

Коймады, мал алганмен, әлгі антүрган,

Кызыкты менін алган катыныма.

Бір күні катыныма колын салды,

Алмап еді, ол катты ашуланды.

Еріксіз оз үйіне алып кетті,

«Кім келсе, корсетем, – деп, – кызыл канды».

Осындай мен жолыктым таза кепке,

Дауасыз ұшырадым бұл бейнетке.

«Катыны байына алан болады» деп,

Ниет қылды озімде олтірмекке.

Катыным сол себептен хабар берген,

Бек махаббат қайырлы күшіне енген.

Шыбыным мал мен бастан артық болып,

Бір күн ақ сұр атпен шыктым елден.



Бір түн жан саугалап кеттім кашып,

Олтірер, ұстай алса, дарага асып.

Неше күн жол бейнетті тартып жүріп,

Бір жерге жата кеттім шаршап барып.

Бір жерге жата кеттім шаршап барып,

Аллага жалбарындым оліп, налып.

Үйықтап сол арада жатқанымда

Түсіме кірді менін әкем гәріп.

Түсімде былай деді әкем пақыр:

– Әй, балам, қарап жүріп болма қапыл.

Қасында жеті кісі жолдасы бар

Ағыбай Тектүрмасқа келе жатыр.

Жүр, балам, осы жолдын жөніменен,

Келеді олар жүріп түніменен.

Ақжолтай жолы күтты батыр еді,

Жолдас бол, барып, балам, соныменен.

Ағыбай жолдас болсан ұшырасып,

Қосылсан, екеуіне болар нәсіп.

Наркескен екі жүзді қолындағы,

Аларсын дұшпаныннын басын кесіп.

Оларды адам дейді жаксы жайдын,

Корерсін азы қарын бар Қвдайдын.

Наркескен екі жвзді қолындагы

Тегінде қаруы еді Абылайдын.

Орнымнан ертерек тұра келдім,

«Ей, Алла, нәзіріннен қорсет» дедім.

«Ертерек батырларды табайын» деп,

Сонымен Тектұрмасқа жетіп келдім.

«Буларга мен айтпаймын жол жайымды,

Сонымнан Кудай бастап ерер дедім.

Өйтеуір түс коргенім қуаныш боп,

Айтканы әкем пақыр келер» дедім.

Акжолтай Агыбай ма сенін атын?

Жайылды мұсылманга салтанатын.

Ак үйден зар илеп, зар жылаган

Коргенін бағанагы мына катын.

Зәлімнен қорлық-зорлық коргенім көп,

Жүрт қорқады зарланып уайым жеп.

Коп жылқы бағанағы соныкі еді,

Томенгі менін жылкым онан да коп.

Мен сізден қанжар алдым ардан кешіп,

Мен барсам, ұйықтап жатыр қонлі өсіп.

Жүректің оймасынан қанжар тығып,

Жібердім томен қарай бірақ есіп.

Ұйқысынан шошынып тұра келді,

Білегімнен ұстап ап қимыл қылды.

Білегімнен ұстап сіліккенде,

Керегеден ұстадым қорғап жанды.

Үмтылганда, ішек-қарны жерге түсіп,

Сүм зәлім осыменен дүниені салды.

Түбінде арам ойлы онбайды екен,

Ақ жүрген жау жапасы болмайды екен.

Озімді арамдықпен олтірмекші,

Осындай арамдықты ойлайды екен».

Котерді бір аяғына Ағыбайын,

Білгенін бала батыр айтты жайын.

– Алдына алғанынша жылқы айдап кайт,

Күланды сізден аяп не қылайын.

Ағыбай тосып отыр артын ойлап,

Білгенін бала батыр айтты:

– Тобынан он бір атты ұста да бер,

Кайтемін көп жылқыны бекер айдап.

Біреуі он бір аттын Ақауыз ат,

Порымы жануардын жылқыдан жат.

«Сауга» деп ер Наурызбай сұрай алған,

Бітпеген аргымакка мұндай тұлға ат.

Сол кезде Кызылауыз бесті ат екен,

Канатты, кабыргалы, есті ат екен.

Майыскан балдыргандай бір жануар,

Баскасы жаска толған ескі ат екен.

Сол кезде Кызыл ауыз торт-бес жаста,

Кез жарым, кырып ет жок кесер басы.

Алаштын иіп койған түйініндей

Шіркіннін омыртка мен кабыргасы.



Баска аттан, жүріп кетсе, адымы алыс,

Канаты кабыргадан кере карыс.

Пыскырган дыбысымен үй жыккандай,

Танауы десе болар бейне талыс.

Аягын осыменен токтатайын,

Шама жок көп айтарға мұнан алыс.

Баламен жолдас болған ер Ағыбай

Кайтуға өз еліне қылды намыс.

Олжасыз жеті жігіт о да келді,

Ағыбай келгеннен сон, олжа берді.

Кимылда, кызыл тілім, келсе шаман,

Тегінде ерлік қылған ата-бабан.

Отырған тындаушылар, айып етпе,

Аяғын осылайша еттім тамам.